

***2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ
БӨЛІМІНІҢ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ***

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- Тұлғаның Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде рухани адамгершілік тұрғыда қалыптасуына көңіл бөле отырып, барлық оқу процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту.
- Отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау;
- Рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- Құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту;
- Салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастырудың кешенді, үздіксіз, және тұрақты жүйесін құру;
- Әлемдік бәсекеге қабілетті дара тұлға қалыптастыру.
- Мемлекет пен халықтың саяси тарихы, салт- дәстүрлері туралы білімдерін қалыптастыру;
- Негізгі саяси оқиғалардан хабардар болу қажеттілігін қалыптастыру;
- Заң терминологиясы мен заңдық пайымдауларды орынды қолдану қабілеттілігін қалыптастыру;
- Мемлекеттің саясатын саналы қабылдау қабілетін қалыптастыру.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- 1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- 2. Рухани-адамгершілік тәрбие
- 3. Ұлттық тәрбие
- 4. Отбасы тәрбиесі
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

○ **1-4 курстар арасында ата-аналар жиналысы өткізілді.**

○ **Күн тәртібінде**

- 1. Ата – ананың баласына қатысты құқықтары мен міндеттері;
- 2. Ата – аналарды колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру;
- 3. Студенттің өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 4. Top студенттерінің колледждің ішкі тәртіп ережесін сақтауы (сабаққа қатысуы, форма, оқу төлемақы).







**"ТАРАЗ- БОЛАШАҚ" ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖ
СТУДЕНТТЕРІ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ №1 ҚАРТТАР МЕН МҮГЕДЕКТЕР ҮЙІНІҢ
ҚАРИЯЛАРЫН 1-ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАП, СЫЙ-
ҚҰРМЕТТЕРІН КӨРСЕТТІ.**



КОЛЛЕДЖДІҢ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГЫ Г.МОМЫНЖАНОВАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 1-2 КУРС СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ӨМІР ҚҰНДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТЕРЕҢІРЕК БІЛІМ БЕРУ, ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ӨМІРДІҢ МӘНІН ТҮСІНЕ ҚАРАУҒА БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ МАҚСАТЫНДА "ӨМІР, ӨМІРДІҢ МӘНІ" ТАҚЫРЫБЫНДА ТРЕНИНГ ЖӘНЕ ДӘРІС ӨТКІЗІЛДІ.



«ЕМДЕУ ІСІ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ 1-КУРС БІЛІМГЕРЛЕРІМЕН ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ НАРКЕСКЕНІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛІП, ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНА ШОЛУ ЖАСАЛДЫ.



25-ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ КОЛЛЕДЖДЕ БАРЛЫҚ ТОПТАРДА «БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН ҚАЗАҚСТАН!» ТАҚЫРЫБЫНДА ТӘРБИЕ САФАТТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ. МАҚСАТЫ: ЕЛІМІЗДІҢ ӨСП ӨРКЕНДЕУІНЕ ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰЛТТАР МЕН ҰЛЫСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ПЕН ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДӘРІПТЕУ. ОТАНДЫ СҮЮГЕ, ДОСТЫҚ, ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ, ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ –ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘРБИЕЛЕУ.




25-ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ ЕМС-13-22 ТОБЫНЫҢ ТОП ЖЕТЕКШІСІ БАЙДЕШОВА ПЕРИЗАТ АБДРАЗАҚҚЫЗЫ «ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫЗ!» ТАҚЫРЫБЫНДА ТӘРБИЕ САФАТЫН ӨТКІЗДІ. МАҚСАТЫ: СТУДЕНТТЕРДІ ӨЗ ОТАНЫН СҮЮГЕ, ТУҒАН ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛІН, МӘДЕНИЕТІН, САЛТ ДӘСТҮРІН ҚАСТЕРЛЕЙТІН САНАЛЫ ДА ПАРАСАТТЫ АЗАМАТТАР ТӘРБИЕЛЕУ. ТӘРБИЕ САФАТЫ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕР ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТАРИХЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР АЛДЫ.



**25-ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ «ҚАЗАҚСТАН- ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ»
ТАҚЫРЫБЫНДА КІТАП КӨРМЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. КӨРМЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ
МАҚСАТ – АТА-БАБАМЫЗДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЛІГІН ҮЛГІ ЕТІП,
ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА ШОЛУ ЖАСАУ.**



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ «ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ
МАМАНДАРЫМЕН БІРЛЕСІП ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖИТС-ТІҢ АЛДЫН-АЛУ
МАҚСАТЫНДА «ҒАСЫР ІНДЕТІ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ӨТКІЗІЛДІ.**



**РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ «БЕЙБІТ ЕЛДІҢ КӨК БАЙРАҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ЕМС-12-21
ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ. ТОП ЖЕТЕКШІСІ
МОМЫНЖАНОВА ГҮЛНҰР СЕРИБАЕВНА. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРІ, ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ, ЭКОНОМИКАСЫ ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК БЕРІЛДІ.
СТУДЕНТТЕР ӨЗ ОЙЛАРЫН АЙТЫП, ТАҚЫРЫПТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШҚІР АЛМАСТЫ.**



ТӘРБИЕ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚЫЗДАР АРАСЫНДА "ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ" ТАҚЫРЫБЫНДА МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ. КӘМІЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІМ ҚЫЗДАРДЫҢ АРАСЫНДА ЕРТЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ, ЖАСТАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА №1 ҚАЛАЛЫҚ "ЖАНУЯ" ЕМХАНАСЫНЫҢ АКУШЕР МАМАНЫ М.КАСЫМОВА КЕҢЕС БЕРДІ. "ЖІГЕР" ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГЫ Е.ЦОЙ "ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДА СТРЕССТІҢ АЛДЫН АЛУ" ТАҚЫРЫБЫНДА ТРЕНИНГ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



**КОЛЛЕДЖІМІЗДІҢ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГЫ Г.МОМЫНЖАНОВАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН
1-2 КУРС ҚЫЗДАР АРАСЫНДА "БҮГІНГІ ҚЫЗ ЕРТЕҢГІ АДАЛ ЖАР, АЯУЛЫ АНА"
ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР -ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ. МАҚСАТЫ: ҚЫЗДАРДЫ ТӘРБИЕЛІ,
БІЛІМДІ БОЛЫП ӨСУГЕ, ГИГИЕНАНЫ САҚТАУҒА, РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТӘРБИЕЛЕУ.**



"ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР " ТАҚЫРЫБЫНДА СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. МАҚСАТЫ: ЖАСТАРДЫ РУХАНИ ТӘРБИЕЛЕУ, СОНДАЙ-АҚ ЖАСТАР АРАСЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ, ТЕРРОРИЗМ СИЯҚТЫ КЕРІТАРТПА АҒЫМДАРҒА ҚАРСЫ ИММУНИТЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. АТАЛҒАН ІС-ШАРАҒА ЖАСТАР РЕСУРСЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДІНТАНУШЫ, ТЕОЛОГ МАМАНЫ ҚАЙТБАЕВ НҰРБЕК ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ ҚАТЫСТЫ



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ АҒА ИНСПЕКТОРЫ АБДУЛЛИН НУРКЕН МЫРЗАНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН КОЛЛЕДЖ БІЛІМГЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.



**1-2 КУРС СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА «ЖАМБЫЛ АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА
«МЕН ӨЗ ҚҰҚЫҒЫМДЫ БІЛЕМІН» АКЦИЯСЫ ЖӘНЕ «ПАРА АЛМА» ЧЕЛЕНДЖІ
ҰЙЫДАСТЫРЫЛЫП ӨТКІЗІЛДІ.**



“АРМЫСЫҢ АЛТЫН КҮЗ!” АТТЫ 1-2 КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА КҮЗГІ БАЛ КЕШІ ӨТКІЗІЛДІ.



**ПЕДАГОГ ПСИХОЛОГ Г.МОМЫНЖАНОВАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН
СТУДЕНТТЕРДІ ПОЗИТИВТІ ЭТНОСАРАЛЫҚҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНДЕ
ТӘРБИЕЛЕУ, ЭТНОСАРАЛЫҚ “ТОЛЛЕРАНТТЫЛЫҚ –БЕЙБІТШЛІККЕ АПАРАТЫН
ЖОЛ” ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ.АТАЛҒАН ІС-ШАРАҒА ЛД-18-22,
ЛД-19-22 ТОПТАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ.**



**ЖАЗУШЫ , АҒАРТУШЫ ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА “ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ҰЛЫ
ДИҚАНШЫСЫ” АТТЫ ОҚЫРМАН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ.**



**ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН БОПСАЛАУДЫҢ
АЛДЫНАЛУ МАҚСАТЫНДА “ЗАҢ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІМ” ТАҚЫРЫБЫНДА
КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ. КЕЗДЕСУДЕ “АҚ СҰҢҚАР” ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҢ
БІРЛЕСТІГІНІҢ МАМАНДАРЫ ҚАТЫСЫП, СТУДЕНТТЕР ТАРАПЫНАН
ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.**

**РЕСПУБЛИКА КӨЛЕМІНДЕ ӨТЕТІН “ЗОРЛЫҚ –ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН” НАУҚАН
АЯСЫНДА “ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚ
ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ”
МАМАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ ТОБЫНЫҢ
ИНСПЕКТОРЫ А.Б. МУСАЕВАНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН “ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ –
ТӘРБИЕ БАСТАУЫ” ТАҚЫРЫБЫНДА 1-2 КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА АШЫҚ
ӘНГІМЕ АЛАҢЫ, ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ.**

**ПЕДАГОГ ПСИХОЛОГ Г.МОМЫНЖАНОВАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 1-2
КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ДҮНЕЖҮЗІЛІК ЖИТС-МЕН КҮРЕС КҮНІНЕ
ОРАЙ “СПИД ҒАСЫР УЫ!” ТАҚЫРЫБЫНДА АКЦИЯ, “НАШАҚОРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫНА ЗОР ҚАУП!” ТАҚЫРЫБЫНДА ТРЕНГ
ӨТКІЗІЛДІ.**

**1-2 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДА “ҚЫЗ БАЛА-ҰЛТТЫҢ ҰЯТЫ,
ХАЛЫҚТЫҢ ШЫРАЙЫ” ТАҚЫРЫБЫНДА МАМАНМЕН КЕЗДЕСУ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ, АТАЛҒАН ІС-ШАРАҒА “ТАРАЗ-БОЛАШАҚ”
МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АКУШЕР МАМАНЫ НОГАЕВА НАЗИРА,
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ МЕДБИКЕСІ САДВАКАСОВА АЙГЕРІМ ҚАТЫСТЫ.**

16 ЖЕЛТОҚСАН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ 1-2 КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА “ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰМАРЫ-ТӘУЕЛСІЗДІК” АТТЫ ТӘРБИЕ САФАТТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ.




**ТӘРБИЕ БӨЛІМІ ЖӘНЕ ТАРАЗ. 1-ПБ.ЮПТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРЛЕСІП
“ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ” ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛДІ.**



“ТАРАЗ-БОЛАШАҚ” ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҰЖЫМЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУУЫМЕН “МЕЙІРІМДІ БОЛСА ЖҮРЕК, ОРЫНДАЛАР ТІЛЕК” АТТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АҚЫЛ ОЙЫНДА КЕМІСТІГІ БАР ЖӘНЕ ҚАМҚОРСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР ИНТЕРНАТЫНДА ӨТКІЗІЛДІ. ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, 90 БАЛАҒА ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЙЫНШЫҚТАР ТАПСЫРЫЛЫП, КЕРЕМЕТ КӨҢІЛ СЫЙЛАДЫ.



“ТЕМЕКІНІҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ” ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР ТРЕНИГ ӨТКІЗІЛДІ. ІС ШАРАҒА 1-2 КУРС СТУДЕНТТЕРІ ҚАТЫСТЫ. АТАЛҒАН ІС –ШАРАҒА ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ “ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ МАМАНДАРЫ Ұ.КАЛЕНОВА “ЖАНҰЯ” ЕМХАНАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ Ж.СҰЛТАНОВА, А.АБИЛДАЕВА, А.ҚЫДЫРМАНОВА ҚАТЫСЫП ДӘРІС ЖӘНЕ ТРЕНИГ ЖҮРГІЗДІ.



2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КОЛЛЕДЖ ЖАТАҚХАНАСЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ЖАСАЛЫП, БЕКІТІЛДІ. ӘР АЙ САЙЫН ІС –ШАРАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ТОП КУРАТОРЛАРЫ ЖАТАҚХАНА СТУДЕНТТЕРІМЕН ІС-ШАРА ӨТКІЗІП ОТЫРАДЫ.

